

Түркістан облысы Келес ауданы
«№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу жұмысы бойынша



2021-2022 оқу жылы

ТУРКИСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АДАМИ
ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ
ДАМУ БӨЛІМІНІҢ
«№52 С.БЕГАЛИН АТЫНДАҒЫ
ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ
БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесі



Коммунальное государственное учреждение
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДНЯЯ
ШКОЛА
№52 ИМЕНИ С.БЕГАЛИНА» ОТДЕЛА
РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО
ПОТЕНЦИАЛА КЕЛЕССКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ
ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ
Қаратал ауылы

№202

ПРИКАЗ
«04» «09» 2021 жыл

**"Кәмелетке толмаған жасөспірімдер
арасында құқықбұзушылық пен қылмыстық
жағдайды болдырмаудың және өзіне - өзі
қол жұмсаудың, зорлық-зомбылықтың
алдын алу" туралы**

1. Мектепте "Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен қылмыстық жағдайды болдырмаудың және өзіне -өзі қол жұмсаудың , зорлық -зомбылықтың алдын алу" бойынша оқушылар мен ата-аналар, мұғалімдер арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.
2. Мектепшілік құрылған мобилдік топ мүшелері кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен қылмыстық жағдайды болдырмаудың және өзіне -өзі қол жұмсаудың , зорлық -зомбылықтың , қанғыбастықтың алдын алу бойынша күндізгі және түнгі рейдтік іс-шаралар ұйымдастырсын.
3. Кәмелетке толмағандар және жастар арасындағы құқықбұзушылықтың, өзіне -өзі қол жұмсаудың, зорлық -зомбылықтың алдын алу, анықтау және болдырмау мақсатында дер кезінде әлеуметтік оңалту жұмыстарын жүргізу психологиялық көмек көрсету мектеп педагог психологы Б. Кенжебаеваға жүктелсін.
4. Кәмелетке толмағандар және жастар арасындағы құқықбұзушылықтың, өзіне -өзі қол жұмсаудың, зорлық -зомбылықты болдырмау мақсатында оқушыларды мектепшілік ақысыз үйірмеерге тартылсын.
5. Осы бұйрықтың орындалуына бағылау мен басшылық жасау жауапкершілігі директордың тәрбие ісін басқару орынбасары М.Кузенбаеваға жүктелсін.



Г. Бекжанова



**№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
бойынша құқықтық тәрбие аясында жүргізілетін жұмыстар жоспары
2021 -2022 оқу жылы**

№	Іс-шараның аты	Мерзімі	Түрі	Іс-шара кімнің /қай сыныптың/ қатысуымен өтеді	Жауаптылар
Құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар					
1	«Жасөспірім», «Түнгі қала» жедел-алдын алу іс-шарасына қатысу мобилдіді топ құру/	тамыз 2021 ж.	Түнгі уақытта ішкі істер қызметкерлерімен бірлесіп, кезекшілік атқару.	МК әкімшілігі, Мұғалімдер	ДТІЖО Кузенбаева М
2	Оқушылар, ішкі істер бөлімі, ауыл имамы, медицина қызметкерлерімен кездесу	қыркүйек наурыз	сұрақ-жауап кездесу	8-11 сынып	ДТІЖО Кузенбаева М мектеп инспекторы Тоғызбаев Д Медбике Искакова З
3	Мектеп үйірмелері мен секцияларының жұмысын ұйымдастыру	қазан	Толық мәлімет беру /кесте/	1-11 сынып	Сынып жетекшілер Үйірме жетекшілері
4	«Құқықбұзушылыққа жоқ де»	қараша	Сұхбат	8-11 сынып	ДТІЖО Кузенбаева М Сынып жетекшілер
5	«Өз құқығыңды білесің бе?»	қаңтар	Дөңгелек үстел	7-11 сынып	ДТІЖО Кузенбаева М Сынып жетекшілер
6	«Мен құқығымды суреттеймін»	ақпан	сурет салу айдары	5-6 сынып	Көркем еңбек пәнінің мұғалімі Шуменов У
7	«Менің құқығым - менің	наурыз	Эсе байқауы	7-8 сынып	Қазақ тілі пәні

	байлығым»				мұғалімдері Тулекова Б Сейітжанова А
8	«Өзің таңдаған өмір»	Әр айда	тренинг сабақ	7-11 сынып	Педагог - психолог Кенжебаева Б
9	«Зорлық-зомбылықсыз әлемді қалай құруға болады?»	сәуір	пікір алысу	9-10 сынып	ДТЖО Кузенбаева М Сынып жетекшілер

Профилактикалық жұмыстар

1	Құқықбұзушылықтың профилактикасы мен құқықтық тәрбие беру жөнінде кеңес құру	қазан	отырыс	Оқушылар Сынып жетекшілер	ДТЖО Кузенбаева М
2	«Адам, үй, ағаш» әдістемесі	қыркүйек	диагностика	5-11 сынып	Педагог - психолог Кенжебаева Б Сынып жетекшілер
3	Мектепішілік рейд жұмыстарын жүргізу: 1.Сабаққа катысуды қадағалау	үнемі	рейд	1-11 сынып аралығы	ДТЖО Кузенбаева М
5	Сот үлгісіндегі сабақ ұйымдастыру«Менің құқықтық тәртіпті сақтау – басты міндетім»	қазан	сабақ	8-11 сынып	Оқушылар ұйымы
6	Мектеп оқушылары арасында құқық бұзушылық пен қылмыс жасаудың алдын алу жөнінде кеңес отырыстары	ай сайын	профилактик а лық кеңес	оқушылар	ДТЖО Кузенбаева М ІІБ қызметкері Тоғызбаев Д сынып жетекшілер Кенжебаева Б
7	ЖҚТБ, нашақорлық темекі шегушілік, ішімдікке қарсы анкета, сауалнама алу	тәрбие сағаты	тоқсан сайын	5-10 сынып	Сынып жетекшілер
8	Түнгі сағат 20.00 де кейін оқушылардың ата- анасының қадағаланусыз	рейд	Ай сайын	1-1 сынып	Мектеп әкімшілігі Сынып

					Кенжебаева Б
7	Ата-аналар арасында нашакорлықтың темекі шегудің зияндығы жөнінде дәріс оқу, тренингтер өткізу	желтоқсан	жиналыс	1-11	Сынып жетекші

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:



М. Кузенбаева

№52 С.Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебіндегі мобильдік тобының кезекті қыркүйек айындағы отырысының

Хаттамасы №1

19.09.2021ж

Қаратал ауылы

**Қатысқаны: 51 оқушылар
20 мұғалім**

Күн тәртібінде:

- 1. " Қиын оқушылар деген кімдер? - ДТІЖО М. Кузенбаева**
- 2. " Айзен" тесті туралы. Педагог- психолог Б. Кенжебаева**

Бірінші мәселе бойынша ДТІЖО М. Кузенбаева сөзге шығып тәрбиесі «қиын» оқушылар қатарына кімдер жатады, мектептің ішкі тәртібіне бағынбайтын, сабақтан көп қалатын сабақ кезінде мұғаліммен қақтығысатын, көше кезіп күні түні қаңғыбастыққа салынып жүретін, өзінен кішілерге қоқанлоққы көрсетіп әлімжеттілік көрсететін, өзге оқушылардан ақша сұрап докжасайтын оқушыларды тәрбиесі қиын оқушыға жатқызып олардың ата-аналарына қызметтік хат жолдап, ата-аналарына ескерту жасалынатыны туралы түсіндіріп айтып өтті. Мектептің педагогикалық кеңесіне каралып оларды мектепшілік тәрбиесі қиын қиынға бейім тәуекелшіл оқушылар қатарына тізімге алынады сондай-ақ мектептің тіркеу журналына тізімге алынатынын түнгі мезгілде бейберекет жүрсе кешкі сағат 22:00 асып кеткен жағдайда ата-аналарынсыз жүретін оқушылардың ата-аналарына әкімшілік құқық бұзушылық шара қолданатыны туралы баяндады. Ата-аналарға әкімшілік құқық бұзушылық бойынша 111-бап қолданылады, онда айлық көрсеткіш бойынша он айлық есептен айыппұл салынатынын ескертіп өтті.

Өртүрлі мәселелерде мектеп психологі Б. Кенжебаева оқушылардыан « Айзен» тестінің алып зерттеу қортындысы бойынша тәрбиесі қиын қиынға бейім оқушылармен жұмыс жүргізу барысында мектепшілікке тізімге алынатын оқушылардың зерделеуі бойынша өтті.

Мектеп тәлімгері Ш. Анаркүл оқушыларға мектепте ұялы телефон ұстауға рұқсат жоқтығы туралы айтып өтті

Қаулы:

1. Оқушылардың сабаққа келуі және кешікпеуі қатаң қадағалансын.
2. Мектепке ұялы телефон алып келуге тиым салынсын.
3. Тәрбиесі қиындық келтіретін оқушылар мектепшілік тізімге алынып, олардың тәрбиесіне жеке қоғамдық тәлімгер бекітілсін.
4. Сынып жетекшілер мен ата-аналар арасында тығыз байланыс орнатылсын.

Мектеп директоры:




Г. Бекжанова

Хатшы:

А. Таскулова

№52 С.Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебіндегі мобильдік тобының кезекті желтоқсан айындағы отырысының

Хаттамасы №

Қатысқандары: 30 ата-ана

Күн тәртібінде:

1. Желтоқсан айында жүргізілген рейдтік шаралардың қорытындысы баяндамашы М. Кузенбаева
2. Кәмелетке толмаған оқушылар туралы ҚР Заңнамаларымен таныстыру және түнгі сағат 20.00 де кейін оқушылардың ата-анасының қадағаланусыз жүрмеуін бақылау Баяндамашы АІБ-ң қызметкері полиция аға лейтенант Д. Жамалов

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Г. Бекжанова кезектегі мобелдік топтың отырысын ашып рейдтердің өтілу барысы жайлы мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орыбасары М. Кузенбаевадан рейдтің өтілу барысы жайлы сөз берді. Ол өз сөзінде баяндамасында 2021 ж желтоқсан айының 6-24 күндері рейдтік шаралар ұйымдастырылғанын айтып өтті. Рейдтік шаралар кезінде мобильдік топ мүшелері халықтың көп шоғырланған жерлерде мәлтек аудардарда кезекшілік ұйымдастырылғанын оқушылардың арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу жұмыстары жүргізілгенін айтып өтті. Жалпы рейдтік жүргізу барысында оқушылар тіркелмеді.

2. Екінші мәселе бойынша АІБ-ң қызметкері полиция аға лейтенант Д. Жамалов баяндама жасады. Өз баяндамасында желтоқсан айында жүргізілген рейдке қорытынды жасады. Баяндамасында ҚР Заңнамаларымен таныстырып өтті. Оқушыларды тәртіпке шақырып сабақ уақытында мектеп ауласынан тыс жерде жүрген оқушылар қолға түсіп ұсталса ата-анасын 5800 теңге айыппұл төленетінін айтты. Екінші рет ұсталған жағдайда екі есе төленетінін айтты. Осындай қатаң тәртіпті оқушылар мектептен тыс уақытта да сақтауын талап ететін айтылды. АІБ-ң қызметкері полиция аға лейтенант Д. Жамалов оқушыларға кешкі сағат 23⁰⁰-ден кейін көшеге шығуға болмайтынын ескертіп айтты. Компьютер ойындарын ойнауға тыйым салынатынын айтты. 21 жасқа дейінгі жасөспірімдерге тыйым салынатынын айтып өтті.

Жарыс сөзге шыққан оқушылар болды. 9 сынып оқушысы Айдос мейрам күндері ауылда отырыс жасауға болама деді? Тек қана күндіз шығуға болады. Түнде шығуға рұхсат жоқ. 10 сынып оқушысы Зайт Бекжан егерде үйдегілер кешке дүкенге бір затқа жіберсе не істейміз деп сұрады? Оған Д. Жамалов жауап берді. Ондай кезде қасына әпкеңді ме, ағанды ма біреуді ертіп шығу керек деді. Толық түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Қаулы:

1. Мобильдік топтың жұмысын жандандыру.
2. Оқушылардың жеке профилактикалық жұмыстарын жүргізу.

Мектеп директоры:

Г. Бекжанова

Хатшы:

А. Таскулова

Мектеп оқушыларының, жалпы жасөспірімдер арасында болатын құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша 8-11 сынып оқушылары арасында өткен сұхбат

Х а т т а м а

Өткен жері: акт залы

Өткен уақыты: 22.11.2021 ж.

Қатысқан 8-11 сынып оқушылары.

Барлығы оқушы :45

Қатысқан мұғалімдер: 12

Күн тәртібінде:

1. Жасөспірімдер арасында зорлық – зомбылық пен күш көрсетудің алдын алу мақсатында тәртіпсіздіктер мен құқықбұзушылықтың алдын алу.
2. Қалай зорлық – зомбылыққа душар болмау?
- 3.

Тыңдалды: Мектеп директоры - Бекжанова Гулжас

Қазақстанда салауатты өмір салтына қол жеткізуде, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің бірі – бала құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізу. Егер жалпы айтқанда зомбылықты физикалық қасірет көрсету әрекеті деп анықтауы болса, онда тұрмыстық зомбылықта осы әрекеттің бастауы мен айқындау нүктесі анық белгіленеді. Ол – жанұя, яғни зұлымдықшы мен оның жемтігі ең жақын адамдар болады. Олар – жұбайлар мен балалар. Отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі әлемнің әр елінде ертеден орын алған. Зорлық балалардың денелік және психологиялық денсаулықтары және жан-жақты дамулары үшін ауыр машақат болып табылады. Әйелдер мен балаларға қатысты зомбылықтың алдын алу және бағытталған профилактикалық сипаттағы шараларды жүргізуде ақпараттық үгіттеушілік жұмыстарды өткізу қажет болып табылады. Зорлық-зомбылық құқықта «Бір адамның екінші бір адамға, оның жеке басына тиіспеушілік құқығын бұзатын тәни және психикалық ықпал жасауы» делінген. Тәни азабын шектірген зорлық – адамның ағзасына тікелей әсер ету, ұрып-соғу, денесіне зақым келтіру, тағы басқа. Тәни азабын шектірген зорлықтың салдарынан жәбірленушінің денсаулығына зиян келтірілуі мүмкін. Нашакорлық, темекіге, ішімдікке үйірлік бұзықтық жолға түсіп зорлық-зомбылық жасауға мүмкіндік туғызады, еңбек етуге, қоғамға, денсаулыққа, ұрпаққа, отбасына зиянын

тигізеді. Салауатты өмір сүрудің бір негізгі күрделі мәселесі – жаман қылықтардан, яғни зорлық-зомбылықтан аулақ болу. Ішімдікке үйір адам есінен айырылып, қасындағы адамдарға зиянын тигізеді, отбасына ойран салады, отбасы мүшелеріне оғаш қылықтар көрсетіп мазасын алады. Бұл баланың психологиясына кері әсерін тигізеді. Бала өзіне керекті рухани дүниенің барлығын қоршаған ортадан алады. Отбасындағы тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған заңды нормалар жетілдірілді. Біздің мектебімізде оқушылар арасында бір-біріне әлімжеттік көрсету, зорлық-зомбылық көрсету бар ма? Оқушылар арасындағы жаппай төбелес сабақ уақытында емес, сабақтан тыс уақыттарда орын алып жататындығы белгілі. Зорлық деген сөздің астарында ұрлау, балалар өлімі, дәстүрлі тәжірибеге байланысты жарақат алу, сондай – яғни жыныстық, психикалық және тұлғалық балаларға қатысты тәртіп шаралары сияқты тұлғалық жазалауды қосқанда қиянат жасау түсінігі жатыр. Конвенцияда балаларға қатысты зорлықтың қандай да түрі болсын, қай жерде болсын ешқандай актала алмайды делінген. Зорлық көрген балалар көбінесе тамақтанбайды да түрлі ауруларға ұшырайды, мектепте нашар оқиды, өзін – өзі бағалауы төмен болады. Конвенцияға сәйкес балаларға қатысты зорлық көрсету адам құқықтарының бұзылғандығын білдіреді..

Кузенбаева Мадина –ДТІЖО

Көшеде түнгі беймезгіл уақытта қалмауға тырысу, көшеде танымайтын адамдармен әңгімелеспеу және онымен қараңғы жерлерге, адамдар жоқ орындарға және т.б. жерлерге бармау. Егер Сізге тұрмыстық зорлық – зомбылық қауіп төндірсе, үйден кетіп қалуға тырысу, ертерек қашып кетуге сөмкенді дайындау, тиісті құжаттарынмен бірге, көрші – көлемдерінмен сөйлесу, айқай – шу шығарылғанда келу және полицияға хабарлау. Қылмыстың бір түрі – балаға зорлық көрсету. Озбырлық, зорлық-зомбылық көрсету, жаман қарау, ауыр физикалық және психологиялық зақым көрсету деректері күн сайын газет беттерінде жиі кездесіп тұрады. Қауіп-қатер азайту, балаларды зейінділікке, сақтыққа, қауіпті жағдайлардың алдын алуға үйрету керек, ондай жағдайларды олар дала немесе үйде де кездестіруі мүмкін. Барлық қылмыстардың ішінде ең ауыры зорлау болып табылады. Көп жағдайда милицияға ол туралы хабарлай алмайды, себебі білместік немесе қорқыныш сезім, үрей билейді. Сондықтанда балаға мынаны түсіндірген жөн:- Үйде жалғыз болғанда, бөтен адамдарды үйге кіргізбеу керек; - Бөтен біреудің машинасына отырмау, қыдырып жүргенде бөтен адамдардан тәтті,



сыйлықтар алмау керектігін үйрету қажет; -Көшенің қараңғы жерлеріне көпшілік жүрмейтін саябақтар мен стадиондардан аулақ жүруге үйрету.

Ал ата-аналарға осыған жауап:- Балаға сеніңіз, сонда ол сізге барлық шындығын айтуды үйренеді; - Дұрыс тәрбие балаға болашаққа деген сеніммен қарауға және қауіп-қатерді тез білуге үйретеді; - Тәрбиеші мектеп тәрбиеторды жалдағанда өте мұқият болған жөн, себебі сіз балаңызды басқа адамның тәрбиесіне бергелі отырсыз;

- Егер сіз балаға қатыгездікпен қарау жағдайларын естігін болсаңыз немесе көрген болсаңыз бірден тиісті органдарға хабарлаңыз.

Шешім етеді :

1. Жасөспірімдер арасында зорлық –зомбылық пен күш көрсетудің алдын алу мақсатында тәртіпсіздіктер мен құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары күшейтілсін.
2. Зорлық – зомбылыққа душар болған жағдайда «Сенім телефоны», «Сенім жәшігі», «111» ақпараттық қызметінің қызметін пайдалану
3. Бөгде адамдармен қарым – қатынас жасауды басты назарда ұстау7

ДТІЖО: Р. М. Кузнецова,

№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ТӘРБИЕ САҒАТЫ

«Заңды білу - заман талабы»

Орындаған

9 сынып жетекшісі
А. Таскулова

2021-2022 оқу жылы

№52 С. Бегалин жалпы орта мектебі
Құқық бұзушылыққа қарсы күрес аяқтамасы
2021-2022 оқу жылы

Мектебімізде құрылған құқық тәрбие мен құқықбұзушылықтың алдын-алу кеңесінің жұмыс жоспары құрылды. Жыл бойына құрылған жұмыс жоспарымен кеңес мүшелері толығымен таныстырылды. Жоспарға сай жоспарланған жұмыстар толығымен өтілуде. Жыл бойы оқушыларды мектепшілік кезекшіліктің бақылауымен қарым-қатынас дәптеріне белгіленіп отырды. Жыл бойы сабақтан себепсіз көп қалатын және тәртіп бұзатын оқушылардың үйлеріне барып, ата-анасымен кездесулер болды. Кеңес мүшелері үнемі қадағалап отырды. Кешікпелі уақытта көпшеде себепсіз оқушылардың жүрмеуін тәртіп сақшылары мен кеңес мүшелері және класс жетекшілер жұмыс жасады. Үнемі ата-аналармен кеңес мүшелері тығыз байланыста болды. Аткарылған жұмыстары туралы ай сайын тәрбие ісінің орынбасары М. Кузенбаева мәлімдеме жасап отырды. Оқушылардың сабақтан себепсіз қалмауын және тәртібін жыл бойына кеңес мүшелері класс жетекшілерімен үнемі сөйлесіп, отырыстар өткізді. Мектебімізде 9-11 сыныптарға «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың бағдарламасын ұйымдастыру» тақырыбында семинар өтті. Семинардың мақсаты - балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, қоғамдағы отбасылардың ролі, отбасылық қолайсыздықтың алдын алу, ата-аналар мен педагогтардың бала құқықтары мен міндеттеріне қатысты мәселелерін талқылау болды. 8 сынып жетекшісі Б. Аманкелді «Құқық әлемінде», 3-сынып жетекшісі Б. Бишова, «Жол тәртібін білейік аман-есен жүрейік» тәрбие сағатары өтті. 6 сыныпта жетекшісі Б. Тулекова «Тәртіп және біз», 11 сыныпта 9 сынып жетекшісі Бурлибаева Т. «Бала құқығы» тақырыптарында тәрбие сағаттары өтті. Сонымен қатар қаңтар айында «Заң және заман» тақырыбында дөңгелек үстел өтсе, наурыз айында У. Жиенбаева «Заң білмеген зардап шегеді» атты интеллектуалды жарысы өтті. Құқықбұзушылықтың алдын-алу кеңесінің жұмыс жоспары уақытылы жұмыс жасап отырды.

Тәрбие ісінің орынбасары



М. Кузенбаева.

ПІКІРСАЙЫС

ЖАСТАРДЫ ҚЫЛМЫСҚА ИТЕРМЕЛЕЙТІН НЕ?

2022-2023 оқу жылы

Жастарды қылмысқа итермелейтін не ?

айтып тұрса сенбедік». Денсаулық – тән, рухани және әлеуметтік игіліктің жиынтығы. Денені үнемі шынықтыру, сананың сапа деңгейін көтеру, интеллект өрісін биіктеу, рухыңды шыңдау – бәрі де денсаулыққа қызмет етеді десек қателеспейміз.

Денсаулық сақтау министрлігінің салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері жөніндегі ұлттық орталығының мәліметтері бойынша, еліміздегі 11 мен 16 жас аралығындағы бозбала - бойжеткендердің 180 000 - нан астамы (дәлірек айтсақ, 182 000) көк түтінге құмар. Ал егер осы жас аралығындағы барлық балалардың саны 1 млн 518 мың екенін ескерсек, бозбала - бойжеткендердің 12 пайызының ағзасы никотинмен уланды деп есептеу керек. Онымен қоса, кішкентай есірткі құмарлардың қатары да көз ілеспес жылдамдықпен көбейіп барады. Мысалы, тіркеу-ге алынған 3 681 (ал алынбағаны қаншама?..) «боқмұрын» нашакор, токсикоман және психотроптық заттарды тұтынушылардың 600 - ден астамы – 14 жасқа дейінгі жас өскіндер. Әрине, қоғамдағы қылмыстың «жасаруына» соңғы кездері әлеуметтік жетімдіктің қанатын кеңге жаюы да ықпал етуде. Өйткені арақтың кесірінен шаңырағы құлаған жандардың балалары далада қалып, қаңғыбас, қайыршы, ұры - қарылардың қатарын толықтыруда. Мұндайлардың әзірше ресми тіркелгені – 6 123. Бұл сан осыдан екі немесе үш есеге көп болуы да мүмкін. Қылмыс – бұл құқық бұзушылықтың бір түрі. Қылмыс басқа құқық бұзушылықтардан, оның қылмыстық заңмен белгіленетіндігімен және оны жасағанда қылмыстық жауапкершіліктің болуымен ерекшеленеді. «Қылмыс» ұғымы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 9 – бабында берілген: «Осы кодексте жазалау қатерімен тыйым салынған қоғамдық қауіпті әрекет – қылмыс деп танылады»..

- Заң талаптарын бастауып сыныптан жаңа келген балалардан бастап қолға алған жөн. Өйткені бұл -«заман талабы». Сондықтан кіші сыныптарда құқық сабағын ұтымды түсіндіру үшін сол жас ерекшелігіне сай оқу әдістерін қолдану керек. Әрине бұл әдістерді сынып мұғалімдері арнайы сынып сағаттарда өткізуде соған қарамастан жасөспірімдерді қылмыстар кездесіп отырады бұл қандай, және себебі не деп ойлайсыздар?

Жастар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыс жасау бүгінгі қоғамның күн тәртібінен түспейтін түйткілді мәселе. Жасөспірімдер қылмысы мен тәртіпсіздігі неден бастау алады?

Жасөспірім кезеңі – балалық шақтан ересектікке өткір өтетін, үнемі қиын, критикалық қақтығыстық деп сипатталатын адам онтогенезінің күрделі периоды.

Бұл жасында жасөспірімдердің бойында кездесетін келесідей мінездер тән:

1. Қарсыластық реакциясы. Жасөспірімнің іс - әрекетіне, тәртібіне үлкендер тарапынан шек қоюына қарсылықты білдіреді. Бұл іс - әрекеттер — үйден қашумен, шулы серуендермен сипатталады.

2. Имитация реакциясы. Нақты образға, жеке адамға еліктеу. Кейде бұл белгілі “кейіпкер” болуы мүмкін. Мысалы, жасөспірімдерге “қылмыскер - суперменнің” үлкен ықпалды екені белгілі. Соңғы кездегі детективті әдебиеттер кейіпкерлерге еліктеу жасөспірімдердің өзін - өзі бағалауына кері әсерін тигізеді.

3. Компенсация реакциясы. Бір саладағы сәтсіздік енді бір салада дұрыс берілуі. (Мысалы, мектепте сәтсіздік болса, “батыл” іс - әрекеттермен орын толтыру)

4. Гиперкомпенсация реакциясы. Жасөспірімге қиын түсетін салада табандылықпен талпынып, жетістіктерге жетуге тырысу. Көбінде өз - өзіне сенімсіз, ұялшақ жасөспірім, ерекше спорт түрлерін таңдайды (Мысалы, бокс, карате, т. б.).

5. Топтасу реакциясы. Бірдей жастағы жасөспірімдердің топтасуы. Жасөспірімдік топтар, ортақ мақсаттылығымен, жинақылықтармен, ортақ бағыттылықтармен ерекшеленеді екен.

Азаматтың міндеті - заң талаптарын бұзбау, екінші жағынан өзіне жүктелген міндетін орындау. Өйткені заң дегеніміз – өмірдің нәрі. Заңның мықтылығы атында емес, адалдығы мен әділдігінде. Заңның ең басты мақсатының бірі – қоғамдағы алуан мінезді адамдарды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Өмірге қызығушылық, жігерсіздік пен еліктеушілік көптеген жасөспірімдерді қылмыс жасауға итермелеуде. Жасөспірімдердің теріс қылық жасауының себебі неде?

Жасөспірімдердің арасында қылмыстың көптеп таралуы зерттеушілердің көңілін алаңдатып отыр. Бұл қылмыстың таралуының себептерін анықтау мақсатында арнайы зерттеу жұмысын жүргізуге итермеледі. Негізгі себептерін бірнеше факторларға бөлуге болады:

- Социологиялық фактор: Қоғам және мәдениет құрылымдарына байланысты;
- Психологиялық фактор бойынша: Белгілі адамның мінезінің ерекшелігімен қарым - қатынас ерекшелігіне байланысты;
- Биологиялық фактор: Физикалық және органикалық элементтерінің әсерінен;
- Социологиялық фактор: Қылмысқа әсер ететін, социологиялық факторлардың ішінде, зерттеу нәтижесінде, келесі себептер көп кездескен:
- Төменгі экономикалық – қоғамдық статус;
- Мәдениеттегі зорлық және бұқаралық ақпарат құралдары;
- Алкоголь және наркотикалық заттар;
- Құрдастарының әсері;
- Отбасындағы психологиялық және атмосфералық жағдай.

----Көбінде қылмысқа, жұмыс және білім алатын жағдайлары жоқ, өз өміріндегі жағдайларға көңілі толмайтындар барады. Сонымен қатар қылмысты жоғарғы өкілдердің (бизнесмен, бай адамдардың) балалары жасайды. Себебі, олар материалды жағдайдан қиыншылық көрмейді. Тек орташа тұратындардың жасөспірім балалары қылмысқа сирек барады. Бай өкілдердің балаларын көбінде айып төлеп босатса, кедей балалардың ата - аналары айып төлеп, шығара алмағандықтан, оларды тұтқынға алып жазалайды.

--Қазіргі жасөспірімдердің көбінде автокөлігі, қалталы ақшасы болады. Яғни, осы ақшаға жасөспірім шылым, алкоголь, наркотикалық заттар сатып алуына мүмкіндігі бар. Олардың өмірі біршама белсенді өтеді – кездесулер; ойын - сауық, би кештері; рок - концерттер; достарымен көкке, табиғатқа барады. Бірақ, бұлардың көбі кешке, түнде болып тұрады. Бұл кезде көшеде көп адам кездеспегендіктен, оларды бақылаушылар аз болғандықтан, жеткіншектер бұзақылық жасап, кейде ойын - сауық үшін қылмыс жасауға шейін барады. Жасөспірімнің жан дүниесі нәзік, сезімтал болып келеді. Үлкендердің айтқан сөздерін, іс - әрекеттерін, бұқаралық ақпарат құралдарынан (теледидар, газет, журналдардан т. б.) көргенінің барлығын тез қабылдап, шындық көреді. Міне, сондықтан да лас ақпарат көздері мен телехабарларда үнемі беріліп отыратын қылмыс хроникасындағы жағымсыз мәліметтер жастардың нәзік көңіліне, жан дүниесіне катыгездікпен жүгенсіздік ұрығын себуге. Ақпарат құралдары катігез қылмыскердің іс - әрекетінің егжей - тегжейін жазып, жасөспірімдерге сабақ болар десе, кейбір жасөспірімдер, осы қылмысты жасаған қылмыскер қандай сезімде болды екен деп, сол қылмысты қайталайтыны кездесіп жатады.

---Өткен ғасырдың сексенінші жылдары, қандай - да бір қылмыс түріне қатыстықтары

болмаса да, айғай – шулы әрекеттерімен түнгі тыныштықты бұзатындары үшін үлкендерді жиі дүркілендіретін “хипперлер”, “металистер”, “мотоциклистер” сияқты бейресми топтардың жағымсыз қылықтары баспа сөз беттерінде әртүрлі пікірталастарын туғызып, олар туралы белгілі бір қоғамдық пікірді қалыптастырып жататын. Яғни, жағымсыз қылықтарына жасөспірімдердің тәртібі, мінез - құлқы, тұлға ретінде қалыптасу мәселелері көпшілікті ойландыратын. Көп болып, олардың жаман жолға салынып кетпеуіне ат салысатын.

---Қылмысты ішімдік және наркотикалық заттар әсерінен жасайтындар көптеп кездесетіндіктен, арнайы зерттеу жұмысын жүргізген. Олардың біреуінің нәтижесі бойынша, егер жасөспірім бұрын тұтқынға алынса, наркоман адамдармен қарым - қатынаста болса, қылмысты ішімдік, есірткі ықпалын жасайды. Яғни, есірткі қабылдау мен қылмыстық іс - әрекеттер бір - бірімен тығыз байланыста болады.

--- Құрбы - құрдастарының әсері. Жасөспірімдерді заң бұзуға, қылмыс жолына итермелейтін фактордың бірі. Заң бұзу мен есірткі қабылдау кезінде, жасөспірімнің антиқоғамдық тәрбиесімен құрдастарының арасында тығыз байланыс байқалады. Социализациялану үрдісі кезінде жеткіншектер арасында қылмыстық іс - әрекетке даярлану басталады. Жеткіншектерге құрбы – құрдастарының айтқан ойы, әсері үлкен, себебі бұл кезде олар бір - біріне еліктегіш болып келеді.

---Жасөспірімдерді қылмысқа итермелейтін Есірткі, Темекі не насыбай, әркілы сусындар, алкогольдік ішімдіктер, компьютер клубтар т. б ал енді осы аталған атамалар туралы біз не білеміз?

Слайд.

А\ Есірткі. не нашакорлық дегеніміз не?

1. Есірткінің қандай түрлері бар?
2. Есірткінің адам организмiне әсері қандай?
3. Нашакорлар қандай жолмен ақша табады?

Ә\ Темекі тарту насыбай ату?

Темекінің насыбайдың зияны туралы не білеміз?

Темекімен күрес шаралары қалай жүргізілген?

Б\ Әр қилы сусындар Диззи, Кола т. б

Бірінші байлық - денсаулық дейміз. Бірақ осы сөздің салмағын, жүктер жауапкершілігін көбіне сезбейтін де, мойындамайтында да сыңайлымыз. Айтылған сәтте көңілімізге қонады, құлағымызға жағады. Келісеміз. Сөйтіп күндердің күнінде бір арылмас дертке шалдығып санымызды соғамыз. «Тәннен жан артық еді,- дейді Абай атамыз – тәнді жанға бас ұрғызса керек еді. Жан бізді жас күнімізден билеп жүрген еді. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік, жанды тәнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге көңілмен қарамадық көңіл



№52 С. Бегалин атындағы жалпы ора білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі



ТАҚЫРЫБЫ:

**«ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ
ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ
АЛДЫН АЛУ»**

10 сынып жетекшісі: Таскулова А

2022-2023 оқу жылы

Тәрбие сағатының тақырыбы: «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу»

Мақсаты: Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен, түрлерімен таныстыру, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерімен таныстыру. Қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтары біліп оны құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: канатты сөздер

Жүру барысы:

I. «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық» жайында бейнефильм.

Сынып жетекші: Құрметті оқушылар! Мемлекетіміздің ата Заңының 1 – бабында Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырылды. «Оның басты қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деген қастерлі сөзді кіргізген. Бүгінгі құқықтық мемлекет құрамыз деген заманда әрбір адам өз құқықтарын жете біліп, жалпы заң білімі саласынан мағлұмат алғаны дұрыс. Заңды аттамай, тура жолмен жүріп, еліне адал қызмет еткен азамат қана мұратына жетеді. Сондықтан заңды білу – заман талабы.

Бүгінгі тәрбие сағатымыздың тақырыбы «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу»

1. «Сенің құқығың» - баптарды еске түсірейік.

Біздің елімізде адам құқықтары Ата Заңымыз – Қазақстан Республикасының Конституциясында көрініс тапқан. Ол 9 бөлім, 98 баптан тұрады. Оның екінші бөлімінің 30 бабы құқыққа арналған.

1.2. «Сенің құқығың!»

14-бап

1. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең.

2. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.

15-бап

1. Әркімнің өмір сүруге құқығы бар.

2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы адамдардың қаза болуымен байланысты террористік қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ соғыс уақытында ерекше ауыр қылмыстар жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш ету хақы бар.

16-бап

1. Әркім өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар.

2. Заңда көзделген реттерде ғана және тек қана соттың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға шағымдану құқығы беріледі. Соттың санкциясыз адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстауға болады.

3. Ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам сол ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың

(корғаушының) көмегін пайдалануға құқылы.

17-бап

1. Адамның қадір-қасиетіне қол сұтылмайды.
2. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды.

19-бап

1. Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету - көрсетпеуге хақылы.
2. Әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым - қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар.

22-бап

1. Әркімнің ар - ождан бостандығына құқығы бар.
2. Ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс.

25-бап

1. Тұрғын үйге қол сұтылмайды. Соттың шешімінсіз тұрғын үйден айыруға жол берілмейді. Тұрғын үйге басып кіруге, оны тексеруге және тінтуге заңмен белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі.
2. Қазақстан Республикасында азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалады. Заңда көрсетілген санаттағы мұқтаж азаматтарға тұрғын үй заңмен белгіленген нормаларға сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорларынан олардың шама-шарқы көтеретін ақыға беріледі.

Презентация: «Студенттік ортадағы құқық бұзушылықтың алдын алу».
Жасөспірімдер арасында қылмыстық істердің көбею себептері:

- Отбасындағы ақау тәрбие;
- Отбасындағы материалдық әл-ауқаты;
- жұмыссыздық;
- баланың бос уақытының шамадан тыс мол болуы;
- ата-ана тарапынан бақылаусыз қалуы;
- мінез-құлқының ауытқушылығы;
- Рухани құлазуы;

1. Әкімшілік құқық туралы жалпы түсінік.

Әкімшілік құқық жөнінде жалпы түсінік бере кетсек.

Әкімшілік құқық – ол мемлекеттік басқарудағы қоғамдық қатынастарды реттейтін және әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін жауаптылықты белгілейтін ҚРның қолданыстағы құқығының саласы. Презентацияға назар аударыңыздар.

Презентация: «Әкімшілік құқық»

1. Сенің құқығың – менің құқығым. Бұл кезеңде оқушылар әкімшілік құқық жөнінде айтып өтеді. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексі 2001 жылы қаңтардың 30 күні қолданысқа енгізілген, ал 2012 жылы сәуірдің 27 күні өзгерістер мен толықтырулармен берілген. Жалпы бұл заң 44 тараудан 733 баптан тұрады.

1-оқушы:

1-бап. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдары Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы осы кодексінен тұрады. Әкімшілік

жауаптылықты көздейтін өзге заңдар осы Кодекске олар енгізілгеннен кейін ғана қолданылуға тиіс.

4-бап. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылық туралы заңдарының кеңістік жағынан қолданылуы

1. Қазақстан Республикасының аумағында әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам осы Кодекс бойынша жауаптылыққа тартылуға тиіс.

2. Қазақстан Республикасының аумағында басталған немесе жалғасқан, не аяқталған әрекет Қазақстан Республикасының аумағында жасалған әкімшілік құқық бұзушылық болып танылады. Осы Кодекстің күші Қазақстан Республикасының континенттік қайраңында және айрықша экономикалық аймағында жасалған әкімшілік құқық бұзушылыққа да қолданылады.

3. Қазақстан Республикасының портына тіркелген және Қазақстан Республикасының шегінен тыс ашық суда немесе әуе кеңістігінде жүрген кемедің әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартымен өзгеше көзделмесе, осы Кодекс бойынша әкімшілік жауаптылықта болуға тиіс. Тұрған жеріне қарамастан, Қазақстан Республикасының әскери кемесінде немесе әскери әуе кемесінде әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам да осы Кодекс бойынша әкімшілік жауаптылықта болады.

4. Шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдері және қорғанышты пайдаланатын өзге де шетел азаматтары Қазақстан Республикасының аумағында құқық бұзушылық жасаған жағдайда, осы адамдардың әкімшілік жауаптылығы туралы мәселе халықаралық құқық нормаларына сәйкес шешіледі.

13-бап. Кінә принципі

1. Жеке адам тек кінәсі анықталған құқық бұзушылықтары үшін ғана әкімшілік жауаптылықта болуға тиіс. Жеке адамның кінәсіздіктен келтірген залалы үшін объективті кінә тағуға, яғни әкімшілік жауаптылыққа тартуға жол берілмейді.

2. Қасақана немесе абайсыз әрекет жасаған жеке адам әкімшілік құқық бұзушылық жасауда кінәлі деп танылады.

3-оқушы:

18-бап. Жеке өмірге қол сұқпаушылық

Жеке өмір, жеке бастың және отбасының құпиясы заңның қорғауында болады. Әркімнің жеке салымдар мен жинақ ақша, хат жазысу, телефонмен сөйлесу, поштамен, телеграф арқылы және өзге хабарламалар алысу құпиясына құқығы бар. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу барысында осы құқықтарды шектеуге тек заңмен тікелей белгіленген жағдайларда және тәртіппен жол беріледі.

32-бап. Жеке адамның әкімшілік жауаптылығы туындайтын жасы

Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде он алты жасқа толған жеке адам әкімшілік жауаптылықта болуға тиіс.

45-бап. Әкімшілік жазалардың түрлері

1. Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін жеке адамға мынадай әкімшілік жазалар қолданылуы мүмкін:

1) ескерту жасау;

- 2) әкімшілік айыппұл салу;
- 3) әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы не нысанасы болған затты өтемін төлеп алып қою;
- 4) әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы не нысанасы болған затты, сол сияқты әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған мүлікті тәркілеу;
- 5) арнаулы құқықтан айыру;
- 6) лицензиядан, арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәліктен) айыру немесе қызметтің белгілі бір түріне не белгілі бір іс-әрекеттер жасауға оның қолданылуын тоқтата тұру, оның ішінде тізілімнен алып тастау;
- 7) жеке кәсіпкердің қызметін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу;
- 8) заңсыз салынып жатқан немесе салынған құрылысты мәжбүрлеп бұзып тастау;
- 9) әкімшілік қамауға алу;
- 10) шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен кетіру.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін заңды тұлғаларға осы баптың бірінші бөлігінің 1)-6), 8) тармақшаларында аталған әкімшілік жазалар, сондай-ақ заңды тұлғаның қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу қолданылуы мүмкін.

47-бап. Ескерту

Ескерту әкімшілік жаза қолдануға уәкілетті органның (лауазымды адамның) жасалған құқық бұзушылыққа ресми түрде теріс баға беруінен және жеке немесе заңды тұлғаны құқыққа қарсы мінез-құлыққа жол беруге болмайтындығы туралы сақтандырудан тұрады. Ескерту жазбаша түрде жасалады.

696-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулының заңды күшіне енуі

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы:

1) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы, егер оған шағым берілмесе немесе наразылық келтірілмесе, шағым беру үшін белгіленген мерзім біткеннен кейін;

2) шағым, наразылық бойынша ұйғарым шығарылғаннан кейін дереу, сондай-ақ осы Кодекстің **664-бабында** көзделген жағдайда қаулы шығарылғаннан кейін заңды күшіне енеді.

1. «Тығырыктан шығар жол қайсы» (ситуациялық жағдайды шешу)

336-1-бап. Жекелеген қоғамдық

орындарда темекі шегуге тыйым салуды бұзу

1. Көкейде жүрген сауал (сұрақ-жауап)

мектеп психологына мынадай сұрақтар қойсақ:

1. Кәмелетке толмаған мектептегі «киын» балалар туралы не айтар едіңіз?
2. Тобымыздағы ішкі тіркеуде тұрған оқушылардың мінез-құлқын қалай бағалар едіңіз? Оның кейбір іс- әрекеттерінен ауытқушылық байқалмайма?
1. Мектептің ішкі ережесі жөнінде айта кетсеңіз?
2. Мектеп ішкі ережесін қай деңгейде сақтап жүр және ішкі ережесін сақтамайтын оқушыларға қандай шаралар қолданылады?
3. Мектеп ішкі ережесін сақтамайтын оқушыларға қандай шаралар қолданады, оны болдырмаудың жолдары қандай?